

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1440 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 9 сәуір N 478. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.07.25. N 832 қаулысымен. ~P020832

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының несиелер беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1440 P001440_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 41, 468-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының несиелер беру ережесінде:

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Жергілікті бюджеттердің ақшасы есебінен бюджеттік несиелер беру туралы несиелік шарттар (келісімдер) жасасуды жергілікті атқарушы органның атынан әкім немесе оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Бюджеттік несиелендірудің негізгі шарттары:
несиелерді бюджеттік бағдарламаларда көзделген мақсаттарға бағыттау;
заемшылардың бюджеттік несиелендіру кезінде қойған талаптарды сақтауы;
бюджеттік несиелендіру үшін белгіленген несиелер беру нысандарын пайдалану;

несиелердің қайтарылуын қамтамасыз ету болып табылады.";

мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

"12-1. Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен берілетін несиелер валютасын, сомасын, несиелер беру және қайтару мерзімдерін, олардың сыйақы ставкаларын қоса алғанда, бюджеттік несиелендірудің, пайдаланудың, өтеудің және оған қызмет көрсетудің сандық мәндері мен сипаттамалары сияқты несиелер шарттары (бұдан әрі - несиелер шарттары) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен анықталады.

Жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен берілетін несиелер шарттары

облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің шешімдерімен анықталады.";

13-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын;

18-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын;

23-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Несиелік шартта міндетті тәртіппен осы қаулының 12-тармағында көрсетілген бюджеттік несиелендіру шарттары және несие шарттары, сондай-ақ тараптардың құқықтары мен міндеттері, шарттың ережелерін орындамаған кездегі санкциялар, дауларды шешудің тәртібі, шарттың қолданылу мерзімі көзделеді.".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.